

623 (5x23)  
22  
Ақылбек Мағамет



Есіңе қалай

ен тарапсаң

**Ақылбек Шаяхмет**

**ЕСТІЕ ҚАЛАР  
ЕЛ ПАРИХЫ**

**049959**

Л.Толстой атындағы Қостанай  
облыстық әмбебап ғылыми  
кітапханасы

Қостанай, 2005

ББК 63.3 (5 Қаз)

Ш 33

Ш 33 Шаяхмет А.

Есте қалар ел тарихы— Қостанай, 2005. – 232 бет

ISBN 9965-9714-9-8

**Жазушы Ақылбек Шаяхметтің бұл кітабы "Ата-баба жерінде" және "Қалың қыпшақ елінде" деп аталатын екі бөлімнен тұрады.**

**Бірінші бөлімде негізінен ел аузында сақталған, көне көз, құйма құлақ қариялардың қолжазбалары арқылы бізге жеткен ата-баба шежіресі қағаз бетіне түскен.**

**Екінші бөлімде ел тарихына байланысты батырлар мен ақындардың, билер мен болыстардың, көрнекті қоғам қайраткерлерінің өнегелі өмір жолы тілге тиек болған.**

**Кітап кейіпкерлерінің барлығы да Қостанай өңірінің перзенттері. Сондықтан да оның танымдық-тағылымдық мәні зор.**

ББК 63.3 (5 Қаз)

**Құрастырушыдан:**

***Осы кітапты шығаруға демеушілік жасаған Бақытжан Ибраевқа, Жұмабек Арыстановқа, Төленді Файзуллинге, Марат Хакімовке ырзашылығымызды білдіріп, алланың нұры жаусын деймін.***

Ш 0503020905  
00 (05) - 05


ISBN 9965-9714-9-8

**Бірінші бөлім**

**Атла-бала**

**Жерінде**

**(шәкіре)**



Бұл шежіреде негізінен ескіден қалған көне қолжазбалар пайдаланылды. Олардың біразы кезінде Қостанайда шығып тұрған “Дала қоңырауы” газетінде жарық көрген еді. Шежіреде келтірілген рулардан тараған аталар түгел қамтылды деп айта алмаймыз. Оларды түгел қамту мүмкін емес және оны біз міндетімізге алған жоқпыз. Ал кейбір аталардың арасы үзіліп қалған. Бірақ, әркім өз атасын таратып алсын деген ниетпен, бізге дейін жазылған және кейінірек қосылған қолда бар деректерде келтірілген кісілердің аты-жөнін бердік. Олардың арасында қате кетіп жатса, алдын ала ғафу өтінеміз.

Осы еңбегімізді құрастыруға себеп болған шежіре авторларының бірі Асылбек Ташбайұлы 1935 жылы бастаған “Қазақ шежіресінде” былай деп жазады:

«Мен бұл шежірені ерте бастан-ақ жазуға ойланшы, ол үшін керекті кітаптар жинаған едім. Олар мына кітаптар еді:

1. Татарша «Тарих ғұмуми» кітабы
2. XVII ғасырда жазылған Әбілғазы ханның «Қырғыз – қазақ тарихы»
3. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қазақ шежіресі»
4. Стамбулда басылған «Хандар шежіресі»
5. Үш жүздің және оның түрлі руларының қолжазба шежірелері.

Бұдан басқа пайдалануға болатын түрлі газет-журналдар да көп еді.

«Қазақ» газеті бірінші нөмірінен бастап, тоқтағанына дейін түгел, және «Ауыл» газеті, «Ұран», «Алаш», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Тіршілік», «Ақжол», «Жас қазақ» газеттері. «Айқап» – үш жылдығы түгел. «Шолпан», «Абай», «Сана», «Таң» журналдары.

Міне, осы кітап, газет, журналдарды сақтауға ешбір мүмкіндік болмады. Себебі сол кездегі белсенділер бұл кісіде жинап, сақтап отырған кітаптар көп, қауіпті адам деп өзімді жауапқа тартып, соттауға айналды. Сонан соң кітаптарды қапқа салып алып Алматыға апардым. Онда барған соң сол кезде «Казахский новый алфавит» деген мекемеде істеп жүрген Ісмет Кенесбаев деген жігітке кездесіп, жай-жапсарымды айтқан соң, өркені өсіп, өмірлі болғырдың нұсқауымен «Краевая библиотекаға» апарып тапсырып, құтылып, «Ух!» деп демімді бір-ақ алдым.

Апарған кітаптарым мен газет-журналдарымның құндылығын мынадан білуге болады.

«Краевая библиотека» маған 4600 сом ақша берді.

Семиозер /қазір Әуликөл/ ауданынан бір кісі көп кітап әкелемін деген, соны әкеліпті деген дабырды естіп С. Сейфуллин, Ғ. Тоғжанов сияқты жазушылар келіп, көріп, көп жинаған екенсіз деп таң қалып кеткен.

Бұл 1935 жылы июнь, июль айларының бірі еді. Сонда «Казахстанская правданың» селжорымын деп бір орыс жігіті келіп, суретінді басып алам деп шақырып еді, мен бармаған соң, апарған заттарымның тізбесін алып, ертеңіне газетке жазып шығарды.

Енді жоғарғы айтылған шежіре кітаптардың есте қалғандарын негізге ала отырып, және ел арасынан жаңадан жиналған шежірелерді салыстыра отырып, осы шежірені жазуға кірістім. Ондағы мақсатым кейінгі ұрпақтар ата-бабасының кімдер екенін, қайдан шыққанын біліп отырсын. Білгенімді жазып тастайын, пайдаланамыз деген жастар болса, пайдасына асырсын дедім. Бұл шежіренің кемшілігі жоқ, қатасыз жазылды деуден аулақпын, бұл да естерінде болсын».

Асылбек қария шежіренің соңында оны жазуға қол ұшын берген азаматтарға алғысын білдіріп, қыпшақтар шежіресін тізгендер қатарында Бұлтың ата ұрпақтарын Мақыш Әлімбетұлы, Торы ата ұрпақтарын Әбдікәрім Иманқұлұлы, Көлденен атаны – Асат Сырымбетұлы, Ұзын атаны – Жамантай Көбенұлы, Таукұрыш туралы деректерді Төлеубай Мыңжанұлы, Әлімбет пен Кенжебай және Опан шежіресін Асылбек Балмағамбетұлы жазып бергенін айтады.

Бұдан әрі біз Асылбек Ташбаев қолжазбасын пайдалана отырып, олардың арасында бұған дейін бізге белгілі болған кейбір деректерді де келтіре кеткенді жөн көрдік. Сонымен бірге Өтеміс Қалабаев секілді ақсақалдың жазған шежіресімен салыстырып, кейбір руларға түзету енгіздік. Өтеміс Қалабаев өз шежіресінде оған негіз қылып Нұржан Наушабаевтың өлеңмен жазған шежіресін алғанын айтып өтеді.

«Тарих ғұмуми» кітабы айтады: Жер жүзіндегі адам балалары Нұхтың үш баласынан тарайды. Олар:

1. ХАМ
2. САМ
3. ЯФАС

Барлық қара түсті халықтар Хам нәсілінен.

Барша Ғарап, Асур, Калдан, Финика, Ғабрани, Карташа, Мысырилар Сам нәсілінен.

Барша Түрік, Иран, Юнан, Қытай Яфас нәсілінен.

Яфастан 8 бала туады:

- 1 – Түрік. 2 – Хазар. 3 – Саклап.
- 4 – Қытай. 5 – Камари. 6 – Тарних.
- 7 – Жапон. 8 – Манжұр.

Түріктен 4 бала туады:

- 1 – Түрік. 2 – Хакіл.



3 – Сажар. 4 – Әмлақ.

Осы төрт баладан туып өрбігендер:

1 – Һун. 2 – Машар.

3 – Бұлғар. 4 – Аулах.

5 – Ауар. 6 – Мағол.

7 – Татар. 8 – Манжур.

9 – Қин. 10 – Жоңғар.

Осы жоғарыда аталған Яфастан өрбігендердің бәрі де Түрік нәсілі деп аталады.

Түріктен Түтік туады. Түтіктен Елжа туады, Елжадан Бақой туады. Бақойдан Киік туады. Киіктен Аланшы туады. Аланшыдан 2 бала туады.

1 – Татар, 2 – Мағол.

Аланшы хан өзі өлмей тұрып барлық халқын екі баласына бөліп береді. Татар баласына қараған халық Татар атанады, Мағол ханның баласына қараған халық Мағол атанып кетеді. Мағол ханның орнына баласы Қарахан хан болады.

Сол кезде Қарахан елі Ұлы тау, Кіші тауды жайлап, Қара құрым, Сырдарияны қыстап жүреді. Қараханды баласы өлтіріп, яғни Оғыз хан өзі хан болады.

Оғыз хан өте мықты, атақты хан болып, жер жүзінің талай жерін билеген.

Біздің қазақ Береке хан заманында Қазақ атанған көрінеді. Қазақ деген сөз сол кездегі тілмен айтқанда кезбе, тағы деген сөз көрінеді. Қырғыз Оғыз нәсілінен.

«Тарих ғұмумидің» сөзін осы арадан тоқтатып, былайғысын басқа шежіреден алып, жалғастырып кетеміз.

Жоғарыдағы айтылған Оғыз ханнан Күн хан туады. Күн ханнан Деңіз хан туады. Деңіз ханнан Бөденетай туады, одан Бөркілтай, одан Табанатай туады. Табанатайдан 2 бала: Сейілхан, Жайылхан.

Сейілханнан 8 арыс түрікпен тарайды. Жайылханнан Майқы би туады. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы-би» деген осы кісі болады.

Майқыдан 2 бала туады: Сапыян, Өзбек. Сапыяннан Ақшолпан туады, онан Аламан туады, ал одан Алаш туады.

**Алаштан 3 бала:**

**Созак, Қазақ, Қарақалпақ**

**Қазақтан үш бала туады: Ақарыс – Ұлы жүз.**

**Жанарыс – Орта жүз.**

**Бекарыс – Кіші жүз.**

Осымен Асылбек Ташбаев шежіресін тоқтата тұрып, Өтеміс Қалабаев жазып алған Досжан және Сүйірқұл молдалардың шежіресіне қарасақ, онда Аннастан /қолжазбада Әннас деп көрсетілген/ башқұрт, Жабал, Мұғаз, Татар тарайды. Мұғаздан Смағұл, Смағұлдан Аққурай мен Ақшолпан. Аққурайдан Қырғыз. Ақшолпаннан Аламан.

Аламаннан Алаш. Алаштан Жайылхан, Сейілхан.

Жайылханнан Майқы, одан Өзбек тарайды деп көрсетілсе, Сейілханнан Сабиян, Сабияннан Айырқалпақ. Айырқалпақ Созак және Қазақ болып бөлінеді. Созақтан Қарақалпақ. Қазақтан үш бала делінген. Бұл жазбаларда Орта жүз Бекарыс, Кіші жүз Жанарыс деп жазылыпты.

Нұржан Наушабайұлы жыр-шежіресінде:

“Созақтан қарақалпақ бөлінеді,

Осылай шежіреден көрінеді.

Қазақтан – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс,

Үш жүздің бізге есімі беріледі.

Айырылды Ұлы жүз бен Кіші жүз боп,

Осылай шежіреде қалған сөз көп.

Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найман, Керей, Уақ  
Бөлініп кетеді енді Орта жүз боп” – деп жазады.

Файзолла Сатыпалдыұлының “Шерлі жылдар, шерулі жылдар” кітабында /Қостанай, Баспа үйі, 2004 ж/ мынандай деректер келтірілген:

“Алты Алаштан Мәшһүр туады бірінші болып. Алтауының біреуінен Мәшһүр. Алаштан Сейілхан, Жайылхан туады.

Сейілханнан сегіз арыс Түрікпен тарайды. Жайылханнан Массы, Майқы атты екі бала туады. Массыдан – Тәжік, Сарт. Өзбектер Сарттан қыз алып, отырықшы болған. Сапияннан – Аққалпақ, Айырқалпақ. Аққалпақтан он екі ата қырғыз тарайды. Айырқалпақтан Қазақ, Созақ туады. Созақтан қарақалпақ тарайды.

Қазақтан – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс.

Ақарыстан ұлы жүз тарайды. Оған кіретін басты рулар Үйсін, Дулат, Қаңлы, Жалайыр, Албан, Суан.

Жанарыстан Орта жүз тарайды. Оған кіретін алты арыс: Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақ.

Бекарыстан Кіші жүз тарайды. Оған енетін басты ру-тайпалар:

Байұлы, Әлімұлы, Жеті ру.”

Файзолла ишан “Адамзат шежіресі” деп аталған өлеңмен жазылған шежіресінде өзінің ата-тегі туралы да баяндап кетеді:

“Ұзыннан – Алтытіс, Алтыбас біз тараймыз,  
Әке біреу болғанмен, әрқалаймыз.

Қоңыс қып Торғай бойын мекен етіп,  
Көбейіп өсіп-өнген, бірталаймыз.

Алтыстан алты бала бірге туған,  
Белгілі Ұзын ата жолын қуған.

Батыр да, шешен де көп бұл алтаудан,  
Егесте дұшпанының жолын буған.  
Келімбет, Сығай, Бөкей, Өзен, Самар,  
Құлдербіс – бәрі-дағы түбін табар.  
Келімбек, Кедел, Күшік, Қаз бен Құттық,  
Қыржігіт, Жарбасты боп кетті бұлар.  
Жаңбыршы, Қалдан, Болат Алтыбастан,  
Алтынсарин Ыбырай жұрттан асқан.  
Еңбегі тарих болып қалды артында,  
Қараңғы қазақ баласының көзін ашқан.”

Сәбит Мұқанов: “Халық мұрасы” кітабында: “Қазақтар шежірені қара сөзбен де, өлеңмен де жазғаны ... айтылды. Осындай әр кезде, әр руда жасалған, бірақ, баспада жарияланбаған жазба шежірелер қазақта толып жатыр. Олардың бірсыпырасы , жоғарыда айтылғандай, Қазақстан ғылым академиясы қолжазбалар қорына да түсті. Осы шежірелердің бәрі де қожалардың ізімен қазақтың арғы түбін Әнеске апарды да, одан бергі руларды бір-бір атаның ұрпағы қып жүйелейді. Бұлай ету шындыққа жатпайды. Мысалға, Қыпшақ руын алайық. Осы есімді рулар ... басқа халықтар /өзбекте, түрікпенде, қырғызда, башқұртта, кавказдық кей елдерде/ арасында да барын қожалар да, қазақ шежірешілері де білмейді, сондықтан жазбайды да” /29 бет/ ,- деп атап көрсетеді.

Ескерту: Бұл жерде Әнес, Әннас, Аннас деп әртүрлі жазылса да, барлығы да бір кісінің есімі екенін естен шығармаған жөн.

Енді қайтадан Асылбек Ташбаев жазбаларына кезек береміз:

## Ұлы жүз – Ақарыс

Ақарыстан Төбе би туады, одан Киік би туады, мұнан 4 бала туады: Миқы, Қоғаш, Қойылдыр, Мекро

Мекроның тұқымы Қытайда Қызай деген ел болып тарайды.

Қоғаштан 2 бала туады: Қаңлы, Шанышқылы.

Қойылдырдан бір бала туады - Шілмәмет.

Миқыдан 2 бала туады: Ойсыл, Үйсін.

Ойсылдан бір бала – Сіргелі. Сіргеліден 12 бала туады: Аккенірдек, Қаракенірдек, Елібай, Жайдақ, Айтбоз, Байжігіт, Қарабатыр, Батыр, Тутанба, Шайдар, Қашыл, (12 - белгісіз).

Үйсіннен Бақтияр туады, онан 2 бала - Абақ, Тарақ.

Абақтан – Ақсақал, Тарақтан – Жансақал туады.

Жансақалдан –Жалайыр. Мұнан 12 бала туады: Ақдос, Арықтыным, Байшекер, Балғалы, Қойшылы, Мырза, Сиыршы, Қарашапан, Күшік, Калпе. 11. – – – – 12. – – – –

Ақсақалдан Қараша би туады, одан 3 бала: Байтөле, Бәйімбет, Бәйдібек. Байтөледен - Шақшалы деген ел тарайды.

Бәйімбеттен тұқым жоқ.

Бәйдібек 5 әйел алған. Сары бәйбішеден Сары Үйсін

Мырыштан – Шапырашты

Сыландыдан – 2 бала: Ойық, Тілік.

Төртінші әйелінен - Мариямнан Жарықшақ туады. Жарықшақтан 3 бала туады: Албан, Суан, Дулат.

Дулаттан 4 бала туады: Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр.

Албаннан 7 бала туады: Бозым, Әбіт, Құрман, Жәнібек, Қашық, Сары.....

Тіліктен Ысырық туады. Мұның үлкен әйелінен 2 бала туады: Аққойлы, Қарақойлы.

2-ші әйелінен Шегір туады. 3-ші әйелінен 4 бала туады: Барлыбай, Бөкей, Ақылбек, Тұяқ.

Ошақтыдан 4 бала туады: Байлы, Аталық, Тасжүрек, Қоныр.

Жаныстан 3 бала туады: Жанту, Жарылғамыс, Жантық.

Ботбайдан 2 бала: Құдайқұл, Шағай. Құдайқұлдан 4 бала. Шағайдан 6 бала туады. Шымырдан 4 бала, Жарылғамыстан 2 бала туады, Ораз, Бұхар.

Ораздан 2 бала - Сұлтанкелді, Бөкен. Бұхардың бірінші әйелінен 4 бала туады: Баба, Сырымбет, Құлболды, Тілеуімбет.

Екінші әйелінен 2 бала: Жауқашты, Қымай.

### Орта жүз - Жанарыс

Жанарыс 3 әйел алған. 1-ші әйелінен 2 бала Қарақожа, Ақтамқожа туады.

2-ші әйелінен 2 бала туады: Дәріқожа, Момынқожа.

3-ші әйелінен 2 бала туады: Смағұлқожа, Қасымқожа.

1 – Қарақожадан – Арғын өрбиді.

2 – Ақтамқожадан – Қыпшақ өрбиді.

3 – Дәріқожадан – Найман өрбиді.

4 – Момынқожадан – Қонырат өрбиді.

5 – Смағұлқожадан – Керей өрбиді.

6 – Қасымқожадан – Уақ өрбиді.

Сондықтан осыларды Алты аталы орта жүз деп атайды. Нұржан Наушабаевтың шежіресінде де осы жайлар айтылған.

## Арғын

Жанарыстың үлкен әйелінен туған тұңғыш баласы Қарақожадан Қадырбек, одан Ордалық, одан Қотан, одан Ақжол, одан Арғын туады.

Арғыннан 7 бала туады:

1. Ақсопы, мұнан Қанжығалы өрбиді.
2. Арықсопы, мұнан Бәсентиін.
3. Қарасопы, мұнан Қарауыл-Атығай.
4. Сарысопыдан Тоқтауыл.
5. Момынсопыдан Тобықты.
6. Имансопыдан Шұбыртпалы.
7. Мирамсопыдан, бәйбішесінен 4 бала – Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік.
8. Тарақты, бұл Арғынның үлкен қызынан туған жиен, бірақ Арғын болып кеткен.

Ақсопыдан Толыбай батыр, одан Қанжығалы, одан Досабыз, одан Ішпекбай, онан Әжібай, мұнан 5 бала: Тентек, Құдияр, Қара, Қарабұжыр, Құдайберген. Осы бесеуінен өрбігендер Қанжығалы атанады.

Қуандықтан 6 бала: Есенқарт, Аманқарт, Алтай, Қарпық, Әмір, Темір.

Алтайдан 6 бала: Әліке, Мойын, Алсай, Байдалы, Сайдалы, Нұрбай.

Мойыннан 5 бала: Қареке, Аралбай, Қалыбек, Сармантай, Мұрат.

Әлікеден Елкей, одан Ақмалай, одан 2 бала: Сатышалды, Орыс.

Байдалы орта жүзге аты шыққан белгілі шешен болған адам, мұнан 6 бала: Өміркұл, Құдайкұл, Есболай, Бозы, Аманкелді, Әйтей.

Сайдалыдан 2 бала: Сүгіралы, Арыстан.

Арыстаннан 4 бала: Мамашық, Тоғызақ, Мамадыр, Барқы.

Мамадырдан 3 бала: Ақтөс, Жалаңтөс, Байтөлес. Байтөлестен Тұрсынбай, мұнан 2 бала: Оразалы, Құрман. Оразалыдан 2 бала: Ақпан, Ыбырай.

Қарпықтан 2 бала: Стансыз көзей, Қаратоқа. Қаратоқадан 3 бала: Түнқатар, Бесім, Құлымбет.

Сүйіндіктен 4 бала: Айдабол, Күлік, Малай, Жәдігер. Сүйіндіктің тоқалынан 3 бала: Жанболды, Құлболды, Орманшы.

Төртінші асыранды баласы Қаржас. Бұл төртеуі Төртуыл атанады. Атақты Аққошқар, Сайдалы билер осы Төртуылдан шығады. Қаржастың бір тарауы Алтынғары, одан Қалқаман, мұнан үш жүзге белгілі Бұқар жырау шығады.

Шегендіктен 2 бала: Болатқожа, Нарынқожа.

Бегендіктен 3 бала: Оразкелді, Қозған, Қақсал. Қозғаннан 2 бала: Қожамберлі, Тоқтас. Қожамберлі Сары Қозған аталады.

Тоқтас Қара қозған аталады. Тоқтастан 4 бала: Тайтеке, Байтеке, Төлектемір, Төле. Тайтекеден Есбол. Төледен 5 бала: Қабыл, Әбіл, Тілеу, Бекболат, Таңбай.

Әбілден 4 бала: Ерназар, Жаназар, Төкей, Тарбай.

Ерназардан Сәрке. Жаназардан 3 бала: Асаубай, Бақат, Тобыншақ.

Бақаттан 2 бала: Мақұлбек, Жарқынбек.

Тобыншақтан Байқадам. Тілеуден 5 бала: Әйтiмбек, Батырбек, Татырбек, Пәрменбек, Келдiбек, Әйтiмбектен 2 бала: Асат, Сүтемген. Сүтемгеннен Шабан. Асаттан 2 бала: Шарман, Жаманбала. Жаманбаладан Бекежан, одан 2 бала: Ғылымбек, Кәдiрбек. Батырбектен 4 бала: Алдыоңғар,



Оңғар, Есенбай, Жылтыр. Пәрменбектен 3 бала: Батыр, Шоқан, Қуат.

Келдібектен 6 бала: Шегендік, Бегендік, Кенендік, Тоғай, Ноғай, Сүйіндік.

Шегендіктен 4 бала: Зілқара, Шон, Барлыбай, Мыжан.

Зілқарадан Қасен, онан 2 бала: Рақымжан, Сабыржан.

Рақымжаннан 3 бала: Қабиден, Жәмшит, Теміржан.

Барлыбайдан Мұсылманбек, одан Қыпшақ.

Мыжаннан 3 бала: Мирам, Нұрмағанбет, Ақметжан.

Мирамнан Байдат, одан Мұрат. Нұрмағанбеттен Ескендір, одан Арыстан.

Ақметжаннан Байкел. Бегендіктен Жанқоба. Сүйіндіктен Торыайғыр, одан Әлімбет.

Бегендіктен 2 бала: Айқара, Тентек.

Бекболаттан 6 бала: Берлі, Мұрат, Жанкісі, Жанқасқа, Байқасқа, Қаратал.

Берліден 4 бала: Базар, Көлен, Ақпан, Бақша. Базардан 3 бала: Шаруа, Көшекбай, Байтақ. Шаруадан Досымбек, одан Қасен. Байтақтан Боранбай, одан Қамза. Көленнен 2 бала: Еділ, Машақай. Еділден 2 бала: Төлепберген, Жұмат. Машақайдан Рақым, онан Нұрғазы. Мұраттан 3 бала: Бірімжан, Нұржан, Қыдырбай.

Бірімжаннан 3 бала: Избасар, Қоқыш, Бижан.

Избасардан Сәт, одан Төлеген, одан Жақсылық.

Қоқыштан 2 бала: Бектас, Танабай, одан Қасен.

Нұржаннан 2 бала: Бисен, Шанабай, мұнан 2 бала: Бекібай, Бижаман.

Шанабайдан Дәкен, мұнан 2 бала: Жақсыбай, Кенжеболат.

Бижаннан 2 бала: Итембай, Битан. Итембайдан Тілеген, мұнан 2 бала: Бүркітбай, Жәкен. Бүркітбайдан 2 бала:

Бәймен, Боккөт. Қараталдан 3 бала: Малсақ, Жансақ, Көтікей. Көтікейден Мұқан, одан Жүсіпбек, одан Бидайық. Есболдан 5 бала: Жанзақ, Байбол, Дәуқара, Бабас, Ақбас, Жансақтан 4 бала: Қасқа, Қасбай, Шала, Итемген. Қасқадан 3 бала: Бағаналы, Ноғайбай, Қозғанбай.

Қасқабайдан 2 бала: Бердалы, Бейбіт.

Бердалыдан 2 бала: Мыңбай, Ыбырай.

Бейбіттен 2 бала: Атайбай, Шілік.

Шаладан 2 бала: Ақылбай, Байқозы.

Итемгеннен 4 бала: Рамадан, Тілеп, Күсеп, Қожық.

Байболаттан 3 бала: Асан, Үсен, Байқошқар.

Асаннан 4 бала: Айнақара, Жетпіс, Алпыс, Досжан. Үсеннен 4 бала: Малдыбай, Орақ, Серек, Тоғызбай.

Байқошқардан Сексенбай, одан 4 бала: Қалыбай, Санабай, Шібетай, Шілікбай.

Дәуқарадан 3 бала: Қаражігіт, Қойғара, Қорлы.

Қаражігіттен 2 бала: Қанкелді, Жанкелді. Жанкелдіден 3 бала: Көлем, Жаңғара, Кетебай. Қанкелдіден 3 бала: Шажамбай, Шауыпкел, Төлебай.

Қойғарадан 5 бала: Тасбай, Ақбан, Қылыш, Тоқбан, Жантоқа. Қуандықтан 6 баласының бірі Алтай дедік. Сол Алтайдан 6 бала: Мойын, Әліке, Алсай, Байдалы, Сайдалы, Нұрбай. Мойыннан 5 бала: Қареке, Аралбай, Қалыбек, Сармантай, Мұрат. Әлікеден Елкей, одан Ақмалай, одан 2 бала: Сатышалды, Орыс.

Байдалыдан 6 бала: Өміркүл, Құдайкүл, Есболай, Бозы, Аманкелді, Әйтей.

Сайдалыдан 2 бала: Сүгіралы, Арыстан. Арыстаннан 4 бала: Мамашық, Барқы, Мамадыр, Тоғыззақ. Мамадырдан 3 бала: Ақтас, Жалантөс, Байтөлес.

Байтөлестен Тұрсынбай, одан 2 бала: Құрман, Оразалы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ӘБЛЫСТЫҚ ӘМБЕБАМ ҒЫЛЫМИ  
КІТАПХАНАСЫ

049959

Оразалыдан 2 бала: Ақбан, Ыбырай. Қуандықтың 4-ші баласы Қарпықтан 2 бала: Стансыз көзей, Қаратоқа. Қаратоқадан 3 бала: Түнқатар, Бесім, Құлымбет. Жоғарғы беттегі Мирамсопының екінші тоқалы Қарқабаттан 2 бала туады: Миқы, Бошан, үшінші тоқалынан 2 бала: Жалықбас, Қамбар.

Үшінші тоқалдың екі баласының көрші-көлемдері көп болыпты.

Бір жанжалда ағаларының дегеніне көнбей көптігін көрсеткен көрінеді. Сонда Қарқабат деген кісі мына қаракесек ет сияқты жиынды немелердің ісін қарай көр деген екен, сонан осы төртеуі Қаракесек атаныпты. Осы Қаракесектің бір тарауынан Келдібек би туады, одан бүкіл қазаққа әйгілі қаз дауысты Қазыбек би туады.

Шежіреде тоқал арғындар жеке таратылады.

Мейрамның кіші әйелі Айнакөзден 2 бала: Дәуіт, Үйсінбай. Дәуіттен Жақанай, онан Байтажы туады. Үйсінбайдан Қарамерген туады. Үйсінбай қалмақтан бір қатын алды, оның соңынан 3 жасар бір бала еріп келеді, оның атын Ермен қояды. Сол Ерменнен 2 бала: Бөлтірік, Шағыр. Бөлтіріктен 2 бала: Сырлыбай, Сары. Сырлыбайдан 3 бала: Қараман, Төлек, Мәмбеталы.

Сарыдан 4 бала: Уаныш, Маты, Сарыбай, Тоғанай. Уаныштан 2 бала: Байкелді, Тыныбек. Байкелдіден Қырықмылтық. Тыныбектен Тоңмойын...

Матадан Олжақұл, онан 3 бала: Құлболды, Жолболды, Тәңірберді.

Шағырдың өз әйелінен 3 бала: Апай, Жолдыбай, Тома.

Апайдан 6 бала: Алдияр, Мадияр, Өтей, Шынболат, Құлқай, Жолтай.

Алдиярдан Қарабалуан /бұл кісі таз екен, сол себепті таз

атанып кеткен/ мұнан 2 бала: Ақмалай, Жұмағұл. Ақмалайдан Жәнік, онан Жазы, онан Беген. Жұмағұлдан 2 бала: Сандыбай, Шәкі.

Мадиярдан 3 бала: Тілеу, Қабақ, Қозғанбек.

Өтейден Сауытбай, Сақау, Толтан.

Шынболаттан Қойбағар, одан Оспан. Белтірік өлген соң Сарының шешесін Шағыр алады, одан 2 бала: Аманжол, Сомжүрек. Аманжолдан 3 бала: Бәйімбет, Әлімбет, Шақшақ. Сомжүректен 2 бала: Әйдерке, Жылқыайдар.

Әйдеркеден 5 бала: Өтеміс, Татан, Бөдене, Кәдірімбет, Ожан.

Кәдірімбеттен 3 бала: Бура, Жанұзақ, Өмірзақ. Бурадан 3 бала: Бабас, Мерген, Қалыбек. Қалыбектен Түгел, одан Атан, одан Құлжан, одан Зейнолла.

Даулыбайдан 3 бала: Ағыбай, Өтебай, Шоқанай. Ағыбайдан 4 бала: Үгірәйір, Зүбәйір, Хасен, Ғабдікәрім. Өтебайдан 2 бала: Көбей, Көбен. Шоқанайдан 2 бала: Оразбек, Бекмағанбет. Сұлтанның бәйбішесі Ақбикеден 3 бала: Қожаназар, Шойқара, Байқара.

Қожаназардан 3 бала: Наурызбай, Дәуітбай, Құрман. Наурызбайдан Тәңріберді, одан Мүсір, одан Қарабала. Дәуітбайдан Боқтыбай. Құрманнан Айтуар, Есжан, Хасен. Шойқарадан Шоқаман, Нұралы. Байқарадан Молдабай, одан Әбіл. Сұлтанның Мақбал деген тоқалынан 4 бала: Бердалы, Бердібай, Дербісалы, Бертіс. Бердалыдан Жансары, Бердібайдан Кенжалы. Дербісалыдан Бозторы. Бертістен Байқардам, Байқас.

Аманжол баласы Шақшақтан 6 бала: Көшей, Бақай, Бозай, Дүзей, Есназар, Ақназар.

Көшейден 6 бала: Қалқаман, Қарабас, Үмбетей, Тінет, Аю, Қошқар.

Аюдан 3 бала: Елібай, Есілбай, Нұржау, Елібайдан Ақмырза, одан Жандыр, одан Қазанқап, одан Қазыбек. Есілбайдан Қарақозы. Нұржаудан Аққозы. Қошқардан 3 бала: Тыныбек, Жәнібек, Тұрлығұл. Жәнібектен 3 бала: Тоқтамыс, Жауқашар, Дәуітбай. Дәуітбайдан Мұса, одан Шеген. Шегеннің бәйбішесінен 3 бала: Шұқаман, Қазыбек, Бірімжан.

Тоқалдан Алтынсары, мұнан Қасымқан. Шұқаманнан Есжан. Одан Арон. Қазыбектен Әміржан, одан Саржан. Бірімжаннан 4 бала: Дәуренбек, Қорғанбек, Әбдібек, Шәйкемел. Дәуренбектен 3 бала: Жүніс, Жақш, Ақметқали. Қорғанбектен Қазымбек.

Шақшақтың күң әйелінен Томай.

### Найман

Жанарыстың 2-ші әйелінен туған үлкен бала Садырқожадан Найман. Найманнан Тоқпан деген жалғыз бала туады. Бұл 23 жасында өледі. Назбура деген әйелі артында 18 жасында жесір қалады.

Бұл әйелді әменгерлік ретінде Арғын, Қоңыраттың жігіттері аламыз деп таласқанда бір атадан ұрпақсыз қаламыз ба деп Назбура тимеген.

Сол кезде атасы Найман 90-жасқа келген екен. Бір күні атасы дәретке шыққанда, оны сынамақ үшін білдірмей, алдына бір бақанды тастайды. Атасының зәрі бақаннан асып, көпіріп жатыр екен. Назбура мұны көріп “атамның бір бала тапқызар қуаты бар екен” - деп қуанып үйге келеді. Ертеңіне Үйсін Дәулетбай дегеннің Тоқсұлу деген бой жетіп отырған қызын 90 жылқы беріп айттырып, әпереді. Үйге келген соң оның атын «Қызеней» деп атайды. Ал Назбураны елі Сыншы келін атайды.

Найманның әйелі Қызеней бір бала туады. Оның атын Төленді қояды. Бұл бала өскен соң Назбура осы балаға тиеді. Бұдан Төлек атай туады. Төлек атай туған соң Назбура байына жас өмірінді босқа өткізбе деп Ақсұлу деген қызды айттырып әпереді. Ақсұлудан Сүгірші туады. Сүгіршіден 3 бала туады: Бағаналы, Балталы, Ергенекті.

Енді Найман өлген соң Қызенейдің елі жиналып Елатаға қосады. Онан 2 бала туады: Келбуха, Кентуха.

Келбухада 4 бала: Садыр, Матай, Қаракерей, Даркүл. Осыларды 9-таңбалы Найман дейді. Матайдан 3 бала: Қаптағай, Аталық, Кенже. Қаптағайдан 4 бала: Балабатыр, Алакүшік, Асан, Жалақ.

Аталықтан 5 бала: Емен, Қайнар, Шоқпар, Қонақбай, Тәуке.

Кенжеден 3 бала: Мәмбет, Ұмай, Мырзағұл. Мәмбеттен 2 бала: Жалауқарт, Қарткүлбай. Мырзағұлдан Шөпшүме туады. Жалауқарттан Темір туады. Темірден Болат туады. Болаттан 3 бала: Саңай, Тұрсын, Кенжеқара.

### Қоңырат

Жанарыстың 2-ші әйелінен туған 2-ші баласы Нәдірқожадан Жорлық мерген, онан Қоңырат. Қоңыраттан 2 бала: Көтенше, Көктіңұлы. Көтеншеден 5 бала: Божбан, Саңғыл, Маңқыштан, Жетімдер, Сапар сары. Қоңыраттан өрбитін рулар он бір ата:

Байлар, Шаншар, Оразкелді,  
Құлшығаш, Бошман, Тоқболат,  
Жамалба, Қаракөсе, Жетім,  
Сансыз, Күйіш.

“Жиделібайсын жерінде, Қоңырат деген елінде” деп ке-

летін, атақты аталарының бірі Алпамыс батыр болып есептелетін қалың ел - қоңыраттар туралы, өкінішке орай, Сарыарқа жұрты өте аз біледі.

## Керей

Ысмағұл қожадан Ошыбай, одан Керей туады. Керейден 2 бала: Абақ, Ашамайлы. Ашамайлыдан Танаш би туады, мұнан 3 бала: Балта, Көшебе, күң әйелінен Тарышы.

Танаш биде ер бала болмаған, бір қызы бар екен, оны Уақ нәсілінен Қызылшырай деген кісіге күйеуге берген. Онан бір бала туады, оның атын Сибан қойған. Ол баланы Танаш би бала қылып алған. Бала келген соң Танаштың әйелі бір ер бала табады. Оның атын балталаса да өлмесін деп Балта қояды. Ал Тарышының атын тұқымы көп болсын деп Тарышы қойған.

Танаш би тірісінде Сибанға енші береді. Мұның түбі Уақ, маған жиен еді деп балаларына түсіндіреді. Танаш би өлерінде екі баласы Балта мен Көшебеге: “мынау Тарышыға күннен туды демендер, бұл да менің балам, еншіні бірдей бөліп беріндер”- деп өсиет айтып тапсырады. Балта: “сенің мінезін қатаң еді, жанжал шығарып жүрмегейсің”- дейді.

Танаш би өлген соң балалары енші бөліседі. Балта Тарышы құлға енші бермеймін деп жанжал шығарады. Көшебе әкем айтқан өсиеті бар, еншіні тең бөлем деп екеуі жанжалдасып төрешіге барады. Төреші жанға салады. Көшебе Тарышыға жан береді. Сонан соң еншіні 3-ке тең бөледі.

Соның артынан көп ұзамай Көшебе аттан құлап өледі. Тарышы құлға жан беріп еді, Көшебе сонан өлді деп ел аузында сөз қалады.

«Көшебе Керей, көп керей,

Көше алмайды Сибансыз.

Қараға жан берем деп,

Көшебе кеткен имансыз» - деген өлең де бар.

Көшебенің Әлмәмбет, Бораншы, Жаңбыршы деген балаларынан қалың Көшебе тарайды. Әлмәмбеттен 9 бала. Бәйбішеден 2 бала: Сұмбай, Дәулет.

2-ші әйелінен 2 бала: Бұзау, Айбас.

3-ші әйелінен 5 бала: Қарабатыр, Толыбай, Қостан, Байдәулет, 5.....

Сұмбайдан 3 бала: Қазыбай, Атан, Тайлақ.

Атаннан Шоң би, мұнан 5 бала: Ақмет, Тұралы, Дінәлі, Мақым, 5.....

Тарышыдан 2 бала: Ақсары, Күрсары. Ақсарыдан 6 бала: Нұралы, Нұрымбет, Ақымбет, Тоқымбет, Есенбақты, Еменалы. Тарышының тоқалынан Тезағай туады, одан 3 бала: Мақатай, Сымай, Қапсыт. Мақатайдан 4 бала: Мәмбетқұл, Құдайқұл, Үмбетқұл, Кенжебай.

Мәмбетқұлдан 2 бала: Сейітқұл, Қазіке. Сейітқұлдан 5 бала: Байыс, Боранбай, Жәменке, Жәнібек, Әлібек, Байыстан Жаңатілеу, одан 2 бала: Ерғали, Тағамбай, Жәменкеден Рамазан, мұнан 6 бала: Айдарқан, Жәнібек, Ақан, Боқан, Бектұрған, Бекберген. Ақаннан 4 бала: Қожық, Шәуке, Қожабай, Медебай.

Шәукеден Жүсіп, одан Әкімжан. Бекбергеннен Қосылбай, одан Батыр, одан Жомарт. Әлібектен Тұлбай, мұнан 2 бала: Қарақозы, Бейсен, мұнан Дүйсеке, одан Сұлтан. Қазыкеден Досжан, одан Балташ. Мәмбетқұлдың әйелі Қаракемпірді Үмбетқұл алады, одан 2 бала туады, Жәнібек, Әлібек. Мақатайдың екінші баласы Құдайқұлдың 4 баласы бар: Байқошқар, Аққошқар, Құлшықай, Қожаш.